

Зейнетақы реформасын жүргізу барысы туралы ақпарат жөніндегі орталықты құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1997 жылғы 12 тамыздағы N 266. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999.09.10. N 130 өкімімен. ~R990130

1. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі республикалық бюджетте министрлікті ұстауға арнап көзделген қаражат есебінен және оның штат саны шегінде бөлім құқында Зейнетақы реформасын жүргізу барысы туралы ақпарат жөніндегі орталықты (бұдан әрі - Орталық) 1997 жылғы 15 тамызға дейінгі мерзімде құратын болсын.

Атқарылуы туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне хабарласын.

2. Мыналар Орталықтың негізгі міндеттері болып табылады:

жаңа зейнетақы заңдарының принциптері мен ережелерін түсіндіру;

Қазақстан Республикасында зейнетақы реформасын өткізу барысы туралы (нормативтік материалдарды әзірлеу мен бекіту, зейнетақы қорларын ұйымдастыру және т.б.);

Зейнетақы қорына қаражаттың түсуі туралы;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің зейнетақы бойынша берешекті қысқарту мәселелері жөнінде қабылдаған шешімдері туралы;

республика аймақтарында ағымдағы зейнетақыны төлеу туралы халықты хабарландыру.

3. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі есеп беретін айдан кейінгі айдың 5-іне дейін ай сайын Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесіне Орталықтың жұмысы туралы ақпарат берсін.

4. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңсесінің Басшысы Т.Қ.Бегяхметовке жүктелсін.

Премьер-Министр